

Белсенді оқыту әдістері.
Активные методы обучения.
Active learning methods.

Орындаған: *Сансызбаева Ұ*
Қабылдаған: *Бексұлтанова Л.А*

* Оқытудың белсенді әдістері - оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.

* Жаңа міндеттердің пайда болуы ақпараттың қарқынды дамуына тәуелді. Егер бұрын мектепте, оқу орындарында алынған білімдер адамға ұзақ уақыт қызмет ете алса, қазіргі ақпараттық заманда оларды үнемі жаңартып отыру қажет. Бұл өз бетінше білім алу жолымен жүзеге асуы мүмкін, ал бұл адамнан танымдық белсенділікті және өзіндікті талап етеді.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушыларға белгілі бір білімдер жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар оларда оқуға деген қызығушылықты дамыту, оқи білуге үйрету. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегінсіз оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын.

Мектепте қолданылатын неғұрлым тиімді белсенді әдістерге: -
Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы -Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық жағдаяттар құру. -
Релаксацияны және қорытынды шығаруды ұйымдастыру. -Оқу материалының тұсаукесері -Индуктивті және дедуктивті логикалық сызбаларды пайдалану -Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану

* Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы – сабаққа эмоционалдык бетбұрыс (эпиграф, костюмделген көрініс, видеоүзінді, ребус, жұмбақ, анаграмма), мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, күдіктерді айқындау.

Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық жағдаяттар құру. Сабақта қолданылатын проблемалық жағдаяттардың типтері: күтпеген нәрсе жағдаяты; конфликт жағдаяты; белгісіздік жағдаяты; болжам жағдаяты; таңдау жағдаяты.

Оқу материалының тұсаукесері – ақпараттық технологияны, электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны және т.б. пайдалану

Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану: «жобалар әдісі», «миға шабуыл», «пікірталас», «түрлі кейіпкерлерден интервью алу» жатады.



- * **Active learning** is a form of learning in which teaching strives to involve students in the learning process more directly than in other methods.
- * The term *active learning* "was introduced by the English scholar R W Revans (1907–2003)." ^[1] Bonwell (1991) "states that in active learning, students participate in the process and students participate when they are doing something besides passively listening." (Weltman, p. 7) Active learning is "a method of learning in which students are actively or experientially involved in the learning process and where there are different levels of active learning, depending on student involvement. (Bonwell & Eison 1991). In the Association for the Study of Higher Education (ASHE) report the authors discuss a variety of methodologies for promoting "active learning".

Active Learning Strategies



Активные методы обучения – это:



- * Дискуссиялық әдістерді (discussion method)- тиімді түрде жүзеге асырудың бір жолы пікірталасқа түсушілердің алдын ала білікті дайындығы болып табылады. Оған көтерілетін мәселе бойынша қажетті білімді жинақтау, өз ойын шұбалаңқы емес, қысқа да нұсқа жеткізе білу, өзінің эмоциясын бақылай білу, сұрақты нақ әрі анық қою, оппоненттің ой-тұжырымына құрметпен қарау т.с.с. жатады.
- * Дискуссиялық әдісті тек гуманитарлық пәндерді жүргізу барысында пайдаланған ұтымды деген пікір жаңсақ, өйткені бұл әдісті тарих, әлеуметтану, этика, әдебиет сынды пәндермен қоса химия, физика, биология т.б. пәндерді өткізу үшін қолдануға әбден болады. Бұл жағдайда дискуссия ғылыми-танымдық пікіралысуға айналу керек.
- * Соңғы кездері аралық және қорытынды бақылауды тест арқылы өткізу студенттердің сөйлеу қабілетін, ойын жеткізе білу қабілетін төмендетті деген пікір айтылуда. Сондықтан практикалық сабақтар барысында бұл әдісті пайдалану – жоғарыда айтылған өзекті мәселенің тиімді шешімі.
- * Бұл әдістің тәрбиелік мәні де жоғары. Оның көмегімен білім алушылардың мінез-құлқы, темпераменті, есте сақтау және ойлау қабілеті сияқты танымдық процестерді диагностикалаумен қатар, олардың тәртібін, әрекетін, өзін-өзі ұстай алу қабілетін тәрбиелеп, дамытуға мүмкіндік туады.

Активные методы обучения: дискуссии

Вид занятия	Содержание	Цель и сфера применения
Мозговой штурм	Творческая (креативная) дискуссия, проводящаяся для того, чтобы получить как можно больше идей решения какой-то проблемы	Творческий подход. Множество новых идей. Принятие решений. Групповое обучение и дух соперничества.
«Жужжащие» группы	Группы от двух до шести человек, обсуждающие тему за короткое время.	Комфортная обстановка для высказывания своего мнения и налаживания обратной связи с группой
Синдикат	Полная группа разбивается на подгруппы, в которых проходят обсуждения и решение проблемы, выполнение задания. Затем полная группа вновь собирается и выслушивает мнения подгрупп	Используется, когда желательно получить различные мнения или методы. Метод удобен для наблюдения за поведением в малых группах (отношения, лидерство, принятие решений).



Правила ведения дискуссии
(по М.В. Кларину, Н. Энкельманну):

- объективность;
- организованность;
- каждое высказывание должно быть подкреплено фактами;
- в обсуждении следует предоставить каждому участнику к возможность высказаться;
- в ходе обсуждения недопустимо оценивать личность других дискуссирующих;
- при высказывании мнений, не совпадающих с вашим, сохраняйте спокойствие;
- любое выступление должно иметь целью разъяснение разных точек зрения и примирение спорящих;
- избегать любых бесполезных уклонений от темы;
- говорить лаконично и по существу.

* Қорыта айтқанда, оқытудың белсенді әдістері -. оқушының іс-әрекеті өнімді, шығармашылық, ізденіс сипат таситын оқыту әдістері, оқушының танымдық іс-әрекетін ынталандырушы және қандай да болсын мәселенің шешу жолдары жөнінде еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер. Оларға әңгіме, диспут, тақырыптың семинар, ісойын, тренинг жатқызуға болады



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!
СПАСИБО ЗА ВНИМАНИЕ!
THANK YOU FOR YOUR ATTENTION!